

Хаттама № 1

А.С.Пушкин атындағы орта мектебінде 2024 жылдың 11 қаңтардағы қамқоршылық кеңесі болып өтті.

Қатысқаны – 9;

Қатыспағаны – 0;

Күн тәртібінде:

1. 2024 жылға арналған қамқоршылық кеңесі құрамын қайта құру нұсқаулығымен таныстыру, қамқоршылық кеңестің төрағасы мен мүшелерін сайлау. (Мектеп директоры м.у.а: Ж.Тоқаева)
2. Қамқоршылық кеңесі жұмысы жоспарын талқылау, бекіту. (Қамқоршылық кеңестің төрағасы: Е.Алмышев)
3. Оқушылардың ыстық тамақпен қамтылу барысы. (ӘП: Нұғыман Қ)

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры м.у.а. Ж. Тоқаева, ҚК төрағасы Е.Алмышев 2024 жылға арналған қамқоршылық кеңесі құрамын қайта құру нұсқаулығымен таныстырды және қамқоршылық кеңестің төрағасы мен мүшелерін сайлау туралы ұсыныстары айтылды.

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша ҚК төрағасы: Е.Алмышев. Қамқоршылық кеңесі мектептегі балалардың қажетіне пайдаланатын материалдық жағдайын қамтамасыз ету. 2023 – 2024 оқу жылында жүргізілетін жұмыс жоспарымен және күн тәртібіндегі мәселе бойынша қамқоршылық кеңесі құрамымен таныстырылды. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің міндеттері мен атқаратын іс – әрекеттері жайлы айтылды. Кеңес мүшелері арасында жоспар талқыланып, таныстырылды. Қамқоршылық кеңес құрамындағы Бержанова Индира отбасымен қоныс аударуына байланысты және Нұрқаева Аяжанның өз өтініші бойынша кеңес құрамына Түйешина Гүлжазира мен Серіков Нұрбек мүшелікке ұсынылды.

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша мектептің әлеуметтік педагогы Нұғыман Қанат оқушылардың ыстық тамақпен қамтылу барысы жайында айтты. Жыл басында әлеуметтік жағынан аз қамтылған, жартылай жетім отбасы балаларын анықтау мақсатында сыныптарға зерделеу жұмыстары жүргізілді. Көп балалы жанұядан шыққан оқушылар саны – 76, аз қамтылған отбасы саны- 5, жартылай жетім – 2; Осы аталған әлеуметтік жағдайларын ескеріп, анықталған бала саны бойынша және бастауыш буын оқушылары ыстық тамақпен қамтылды.

Қамқоршылық кеңес шешімі:

1. 2023 – 2024 оқу жылындағы ІІ жартыжылдықтың қамқоршылық кеңесінің жұмыстары одан әрі жандандырсын;
2. Өткізілетін іс – шаралар жоспарлы түрде жүргізілсін;

Қамқоршылық кеңес төрағасы: Е.Алмышев

Кеңестің хатшысы: К.Оразова

